

**Астана қаласы
№61 «Шолпан» балабақшасы МКҚК
Қамқоршылық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: 06.12.2023ж.

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі- 8 адам

Қамқоршылық кеңес мүшелері-8 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Білім беру ұйымдарын бағалау критерияларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның қызметін өзін-өзі бағалау қорытындылары.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі З.У.Махавшева сөз алып, «Білім беру ұйымдарын бағалау критерияларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйым бағаланатын кезеңдегі 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы қызметті өзін-өзі бағалауды жүргізгенін атап өтті. Білім беру сапасын нәтижелі түрде бақылауға алуды тапсырды. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау объектілеріне сараптама комиссия мүшелері мұқият талдау жүргізді: тәрбиеленушілердің тізімдік контингенті, оқу-әдістемелік жұмыс, оқу-материалдық активтер, кадрлық құрамға талдау жасалды. З.У.Махавшева педагогтерді өзін-өзі бағалау материалдарымен таныстырды.

Комиссия мүшесі Г.Б.Кульджанова сөз алып, объектілерге мұқият талдау жүргізілгені, типтік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейлері туралы атап өтті. Мектепке дейінгі ұйымның қызметі нормативтік құжаттарға сәйкес. Балабақша педагогтары курстарға, семинарларға, конференцияға қатысу арқылы кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырып отырған. Жалпы білім беретін топтардағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасалған. Педагог-психолог, логопед және топ тәрбиешілері жеке даму бағдарламалары негізінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүргізілген.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Бекнова Айым Талғатқызы сөз алды. Тәрбиелеу-білім беру процесі: тәрбиеленушілердің білімдерін перспективалық жоспарға, циклограммаға, мониторингтеуге сәйкес екендігін, балабақшада баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдайлар жасалғандығын айтып өтті. Заттық-дамытушы ортаның мазмұны тәрбиеленушілердің мүдделеріне сәйкес келетіндігін айтты. Өзін-өзі бағалау

критерийлеріне сәйкес мектепке дейінгі ұйымның қызметінің жасалған жұмысы жақсы деңгейде екені айтылды.

Ж.Намазова сөз алып, өзін-өзі бағалау критерийлеріне балабақшаның қызметі жақсы деңгейде екендігін айтып, өз ойымен бөлісті.

ШЕШІМ:

1. Мектепке дейінгі ұйымның аттестатталатын кезеңінің қызметін өзін-өзі бағалау бойынша жұмыс жақсы деп танылсын.
2. Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасын мектепке дейінгі ұйымның сайтына орналастырылсын.

Төрайым

Хатшы :



З.У.Махашева

Ө.Шаймерденова

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Ж.Т.Намазова	
А.Т.Бекнова	
Н.С.Рапилбек	
Б.И.Сагиев	
Н.Д.Даниярова	
Ш.А.Амангелді	
А.Абильмажинова	
С.М.Тілеулесова	